

Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 767/12 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 159/4 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 сәуірде N 224 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 7 мамырдағы N 3-05/74 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010.05.07 N 3-05/74 хаты).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 және 20 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы" N 836 қаулысының 11-тармағы негізінде, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы "2009 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде N 12-3-215 болып тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпандағы N 7 "Отарқа" және "Вести Екибастуза" газеттерінде жарияланған) N 767/12 қаулысына (бұдан әрі – Қаулы) келесі өзгеріс енгізілсін:

1) Қаулының 2-қосымшасындағы 5-бағанда барлық мәтін бойынша "Ең төменгі еңбекақы" сөздері "ең төменгі еңбекақының 1,5 мөлшері" санына және с о з д е р і н е а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы Қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары А. Құрмановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев

